

Әділет Департаментінде 2005 жылғы 4 ақпанда N 1849 тіркелген, "Бір жолғы материалдық көмек пен ай сайынғы үстеме ақы тағайындау мен көрсету Ережесін бекіту туралы" қалалық мәслихатының 2004 жылғы 23 желтоқсандағы N 12/92 шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Маңғыстау облысы Ақтау қалалық мәслихатының 2005 жылғы 24 наурыздағы N 14/118 шешімі. Маңғыстау облыстық Әділет Департаментінде 2005 жылғы 13 сәуірде N 1897 тіркелді

Қазақстан Республикасы Бюджеттік кодексінің 53-бабына сәйкес және облыстық маңыздағы дербес зейнеткерлер, азаматтардың жекелеген санаттары және жұртшылықтың әлеуметтік қорғалмаған қатарына әлеуметтік қолдау көрсету мақсатында, қалалық мәслихат **ШЕШІМ ЕТТІ:**

"Бір жолғы материалдық көмек пен ай сайынғы үстеме ақы тағайындау мен көрсету Ережесін бекіту туралы" қалалық мәслихаттың 2004 жылғы 23 желтоқсандағы N 12/92 шешіміне (Әділет Департаментінде 2005 жылғы 4 ақпанда N 1849 тіркелген, 2005 жылғы 3 наурыздағы N 42-43 (6633) "Маңғыстау" және 2005 жылғы 15 наурыздағы N 48 (9335) "Огни Мангистау" газеттерінде жарияланды) төмендегідей өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1) 4 0 - т а р м а қ т а :

1-тармақшадағы "6 айлық есептік көрсеткіш" сөзі "30000 /отыз мың/ теңге" сөзімен ауыстырылсын;

5-тармақша 5-1) тармақшасымен төмендегіндей мазмұнда толықтырылсын:

"5-1) жыл сайын Жеңіс күніне /9 мамыр/ Ауғаныстан жерінде соғысқа қатысушыларға 8000 /сегіз мың/ теңге мөлшерінде";

8-тармақшадағы "мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы алатын" сөздері алынып тасталсын;

10-тармақшадағы төмендегіндей мазмұнда толықтырылсын:

"10) Қала күніне /жыл сайын қыркүйекте/ қаланың құрметті азаматтарына он айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде";

2) 43-тармақтағы "он бес мың теңге" сөзі "алып жүрген зейнетақы" сөзіне ауыстырылсын.

Сессия төрағасы

Қалалық мәслихаттың

хатшысы

С.Кутепов

Ұ.Сыдықова

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК